

# Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері

Жариялау күні: 15.01.2026

Келесі жариялау күні: 16.02.2026

1. Негізгі кезеңдер
2. Субъектілер серпіні
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсіндірмелер
5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер
6. Пайдалы сілтемелер

## 1. Негізгі кезеңдер

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалар саны 549669 бірлікті құрады, оның ішінде 436864 жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар. Тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1880246 құрады, оның ішінде 1799836 жұмыс істеп тұрған субъектілер. Тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2360325 бірлікті, оның ішінде жұмыс істеп тұрғандары – 2175605 құрады.

### Мөлшері мен белсенділігі бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған субъектілер

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Заңды тұлғалар		Дара кәсіпкерлік субъектілері		Филиалдар және шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары		Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
<b>Барлығы</b>	549 669	436 864	1 880 246	1 799 836	29 476	21 687	2 360 325	2 175 605
Шағын	540 095	427 411	-	-	28 345	20 566	2 357 172	2 172 520
Орта	6 978	6 883	-	-	651	645	3 153	3 085
Ірі	2 596	2 570	-	-	480	476	-	-

## 2. Субъектілер серпіні

Жыл сайын тіркелген заңды тұлғалар санының орта есеппен 4,1%-ға өскені байқалады, осылай соңғы он жылда (2016-2025 жылдары) олардың саны 383850-ден 549669 дейін (165819 бірлікке немесе 43,2%-ға) өсті. Осыған байланысты негізгі өсім шағын заңды тұлғалар есебінен орын алатындығын атап өту қажет, олардың саны жыл сайын тұрақты түрде орташа 4,1%-ға көбейді. Шағын кәсіпкерліктен бөлек, орта және ірі заңды тұлғалар серпіні тұрақсыз сипатқа ие. Соңғы онжылдықта, орта және ірі заңды тұлғалар санының жыл сайынғы өсуі аясында, 2017, 2019, 2020 және 2023 жылдары олардың саны елеусіз түрде, бірақ (1,4%-ға, 3,1%-ға, 0,7%-ға және 0,8%-ға сәйкесінше) төмендеді.

### Субъектілер серпіні

Өлшемділігі бойынша	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025
<b>Барлығы</b>	383 850	412 677	433 774	446 687	461 983	481 732	507 238	526 290	536 241	549 669
Шағын	374 912	403 862	424 796	437 988	453 343	472 777	497 995	517 123	526 826	540 095
Орта	6 502	6 432	6 490	6 297	6 235	6 494	6 685	6 689	6 919	6 978
Ірі	2 436	2 383	2 488	2 402	2 405	2 461	2 558	2 478	2 496	2 596

### Серпінді кестелер:

[Экономика салалары бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Экономика салалары бойынша ҚР жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР тіркелген заңды тұлғалар саны;](#)

[Өңірлер мен мөлшері бойынша ҚР жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны;](#)

[Шағын және орта кәсіпкерлік тіркелген субъектілер саны](#)

### Тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар

2025 жылғы желтоқсаны қараша айымен салыстырғанда, тіркелген заңды тұлғалар санының (0,4%-ға) азайғаны байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 2,5%-ға көбейді. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар саны ағымдағы жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 0,4%-ға азайды, ал өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,5%-ға көбейгені байқалады. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген заңды тұлғалар санының барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша

сақталуда, 2026 жылғы 1 қаңтарда олардың үлесі 26,7%-ды құрайды. Екінші орында – «Құрылыс» (13,4%), үшінші орында – «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (9,9%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген заңды тұлғалардың 50%-ын құрады.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барынша көп тіркелген заңды тұлғалар саны Алматы қаласына (158032 немесе 28,8%), Астана (107448 немесе 19,5%) және Шымкент (30166 немесе 5,5%) тиесілі. Ең аз тіркелген заңды тұлғалар саны Ұлытау (2876 және 0,5%), және Жетісу (8496 және 1,5%) және Абай (8534 және 1,6%) облыстарына тиесілі.

### Қызмет түрлері және белсенділігі бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Қызмет түрлері бойынша	Барлығы	Одан				таратылу үдерісінде
		жұмыс істеп тұрғандар	оның ішінде			
			жаңадан тіркелгендер	белсенді	қызметін уақытша тоқтатқандар	
<b>Барлығы</b>	549 669	436 864	48 551	199 834	188 479	4 563
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	21 198	18 785	1 733	5 907	11 145	116
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	6 178	5 374	747	1 374	3 253	48
Өндеу өнеркәсібі	28 387	23 056	1 791	10 562	10 703	257
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	1 950	1 666	143	561	962	17
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	2 783	2 267	172	982	1 113	41
Құрылыс	73 572	56 568	5 369	19 408	31 791	1 148
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	146 956	106 294	14 004	45 407	46 883	1 597
Көлік және жинақтау	23 331	18 823	1 764	8 639	8 420	213
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	11 375	9 081	1 333	4 079	3 669	38
Ақпарат және байланыс	19 574	15 912	2 098	7 266	6 548	60
Қаржы және сақтандыру қызметі	8 133	6 012	1 003	2 422	2 587	115
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	27 586	23 761	2 149	13 936	7 676	141
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	35 899	28 954	2 621	14 186	12 147	200
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	25 901	21 377	1 702	11 251	8 424	147
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	9 716	9 480	203	8 953	324	30
Білім беру	31 757	29 427	1 507	21 373	6 547	127
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	12 721	11 602	1 096	7 220	3 286	39
Өнер, ойын-сауық және демалыс	8 071	6 604	742	3 202	2 660	32
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	54 580	41 820	8 374	13 105	20 341	197
Аумақтан тыс ұйымдар мен органдардың қызметі	1	1	-	1	-	-

### Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген заңды тұлғалар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша				шетелдік
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)	бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	
<b>Барлығы</b>	549 669	26 012	464 800	512	11 157	58 857
Шағын	540 095	21 013	460 719	448	10 863	58 363
Орта	6 978	3 761	2 915	31	169	302
Ірі	2 596	1 238	1 166	33	125	192

#### Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы субъектілер санының негізгі көрсеткіштері;](#)

## Тіркелген және жұмыс істеп тұрған жеке кәсіпкерлік субъектілері (ДК және БДК)

2025 жылғы желтоқсаны қараша айымен салыстырғанда кейбір тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің (1%-ға) азайғаны байқалады, өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда олардың саны 4,8%-ға көбейді. Сонымен қатар жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілер санының ағымдағы жылдың алдыңғы айымен салыстырғанда 1,2%-ға азайғаны байқалады және өткен жылмен салыстырғанда 5,5%-ға ұлғайды. Жыл басынан бері экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым бөлігі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» саласы бойынша сақталуда, 2026 жылғы 1 қаңтарда олардың үлесі 36,4%-ды құрады. Екінші орында «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (15,1%), үшінші орында «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» (13,3%). Осы үш қызмет түрінің жиынтық үлесі барлық тіркелген дара кәсіпкерлік субъектілердің 64,8%-ын құрайды.

### Қызмет түрлері бойынша тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлік субъектілері

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Қызмет түрлері бойынша	Барлығы		Оның ішінде іске асыратындар:			
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	жеке кәсіпкерлік түрінде		бірлескен кәсіпкерлік түрінде	
			тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
<b>Барлығы</b>	1 880 246	1 799 836	1 807 953	1 728 480	72 293	71 356
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	251 070	241 981	178 912	170 694	72 158	71 287
Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	783	712	783	712	-	-
Өңдеу өнеркәсібі	89 217	84 715	89 209	84 708	8	7
Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау	613	577	613	577	-	-
Сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызмет	2 249	2 166	2 248	2 165	1	1
Құрылыс	67 615	64 518	67 614	64 518	1	-
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	684 367	652 494	684 353	652 483	14	11
Көлік және жинақтау	177 026	173 432	177 018	173 425	8	7
Тұру және тамақтану бойынша қызмет көрсету	54 004	51 818	53 999	51 813	5	5
Ақпарат және байланыс	20 645	19 797	20 645	19 797	-	-
Қаржы және сақтандыру қызметі	676	621	676	621	-	-
Жылжымайтын мүлікпен операциялар	104 883	101 737	104 860	101 720	23	17
Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет	33 452	31 981	33 452	31 981	-	-
Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет	46 793	45 026	46 780	45 013	13	13
Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру	143	137	143	137	-	-
Білім беру	34 709	33 253	34 708	33 252	1	1
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	10 947	10 479	10 947	10 479	-	-
Өнер, ойын-сауық және демалыс	17 366	16 515	17 365	16 514	1	1
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	283 688	267 877	283 628	267 871	60	6

### Тіркелген және жұмыс істеп тұрған филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны 29476 бірлікті құрады, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны - 21687. Барынша көп тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының саны Алматы қаласына (3794 немесе 12,9%) және Астана қаласына (3515 немесе 11,9%), және Түркістан облысына (1874 немесе 6,4%) тиесілі. Экономикалық қызмет түрлері бойынша тіркелген филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» (12226 немесе 41,5%), «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» (3821 немесе 13%) және «Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет» (2154 немесе 7,3%) салаларына жатады.

### Өлшем мен меншік нысандары бойынша тіркелген филиалдар

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Оның ішінде меншік нысандары және түрлері бойынша					шетелдік
		мемлекеттік	жеке барлығы	одан		бірлескен кәсіпорындар (шетелдің қатысуымен)	
				мемлекеттің қатысуымен (шетелдің қатысуынсыз)			
<b>Барлығы</b>	25 511	2 624	21 763	128	607	1 124	
Шағын	24 420	2 305	21 038	107	577	1 077	
Орта	627	156	438	12	15	33	
Ірі	464	163	287	9	15	14	

### Өлшем мен белсенділігі бойынша тіркелген шетелдік заңды тұлға филиалдары

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Өлшемділігі бойынша	Барлығы	Одан				таратылу үдерісінде
		жұмыс істеп тұрған	оның ішінде		қызметін уақытша тоқтатқандар	
			жаңадан тіркелгендер	белсенді		
<b>Барлығы</b>	3 965	2 108	341	901	866	84
Шағын	3 925	2 070	340	868	862	83
Орта	24	22	1	19	2	1
Ірі	16	16	-	14	2	-

### Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша шетелдік меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 7,4%-ға көбейді. Бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар мен филиалдар 0,5%-ға көбейді.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлға филиалдарының барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 33,9%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 12,7%, «Құрылыс» – 8,6% салаларына тиесілі.

### Шетелдік және бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары\*

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Елдер бойынша	Заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары			
	шетелдік меншік нысаны		бірлескен меншік нысаны	
	тіркелген	жұмыс істеп тұрған	тіркелген	жұмыс істеп тұрған
<b>Қазақстан Республикасы</b>	63 946	47 425	11 764	8 784
Ресей	22 821	17 348	4 798	3 719
Өзбекстан	8 209	6 528	631	465
Қытай	8 081	6 356	1 171	940
Түркия	5 051	3 272	736	473
Қырғызстан	2 849	2 017	382	282
Әзірбайжан	1 620	1 226	218	157
Украина	1 272	909	363	274
Германия	962	755	484	355
Беларусь	908	726	183	150
Корея Республикасы	871	551	162	105

\* Тіркелген заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары ең көп 10 көшбасшы ел

#### Электронды кестелер:

[Бірлескен меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар мен филиалдар](#)

[Шетелдік меншік нысанымен тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалар, филиалдар мен шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары](#)

## Тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда 5%-ға көбейді. Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің жалпы санындағы жеке кәсіпкерлердің үлесі 71,6%-ды, шағын кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 17,1%, шаруа немесе фермер қожалықтары – 11,2%, орта кәсіпкерлік заңды тұлғалары – 0,1%-ды құрады.

Экономикалық қызмет түрлері бөлінісінде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің барынша басым үлесі «Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу» – 34,9%, «Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну» – 13,3%, «Ауыл, орман және балық шаруашылығы» – 12% салаларына тиесілі.

### Қазақстан Республикасындағы аумақтар бөлісінде тіркелген және жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша

Аумақтар бөлісінде	Тіркелген	Жұмыс істеп тұрғандар
<b>Қазақстан Республикасы</b>	2 360 325	2 175 605
Абай	58 673	55 160
Ақмола	66 924	62 657
Ақтөбе	92 866	86 781
Алматы	165 586	152 640
Атырау	69 146	64 702
Батыс Қазақстан	63 277	59 404
Жамбыл	117 054	108 557
Жетісу	65 731	62 675
Қарағанды	112 114	102 712
Қостанай	72 435	68 749
Қызылорда	68 152	65 698
Маңғыстау	83 751	78 741
Павлодар	64 093	57 193
Солтүстік Қазақстан	38 978	35 623
Түркістан	218 681	214 958
Ұлытау	19 137	17 948
Шығыс Қазақстан	68 429	62 523
Астана қаласы	308 564	273 330
Алматы қаласы	455 191	403 597
Шымкент қаласы	151 543	141 957

### Электронды кестелер:

[Қазақстан Республикасында тіркелген және жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің саны](#)

## 3. Глоссарий

Дара кәсіпкерлік – бұл Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастардың таза кіріс алуға бағытталған, жеке тұлғалардың өздерінің меншігіне негізделген және жеке тұлғалар атынан, олардың тәуекел етуімен және мүліктік жауапкершілігімен жүзеге асырылатын дербес, бастамашыл қызметі. Дара кәсіпкерлік өзіндік немесе бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асырылады.

Өзіндік кәсіпкерлікті бір жеке тұлға өзіне меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай дербес жүзеге асырады.

Бірлескен кәсіпкерлікті жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер) тобы өздеріне ортақ меншік құқығымен тиесілі мүлік негізінде, сондай-ақ мүлікті бірлесіп пайдалануға және (немесе) оған иелік етуге жол беретін өзге де құқыққа орай жүзеге асырады.

Кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары – қызметкерлердің орташа жылдық саны мен орташа жылдық табысқа байланысты кәсіпкерлік субъектілері мына топтарға жатады: "шағын кәсіпкерлік субъектілері", оның ішінде микрокәсіпкерлік субъектілері; орта кәсіпкерлік субъектілері; ірі кәсіпкерлік субъектілері. Мемлекеттік статистика мақсаты үшін тек қана қызметкерлердің орташа жылдық саны белгісі ғана пайдаланылады.

Қызметтің негізгі түрі – шаруашылық жүргізуші субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген басқа түріне қосылған құн салығынан асатын қызмет түрі;

Қосылқы қызмет түрі – үшінші тұлғалар үшін өнімді (тауарды және қызметті) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын негізгіден басқа қызмет түрі.

## 4. Әдістемелік түсіндірмелер

Барлық ұсынылған көрсеткіштер Статистикалық бизнес-тіркелім негізінде қалыптасқан, ол заңды тұлғалар, филиалдар және шетелдік заңды тұлға филиалдары, сондай-ақ тіркеу органдарында тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткен дара кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты қамтиды.

Ұсынылған кестелер тіркелген және жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың, филиалдардың және шетелдік заңды тұлға филиалдарының, дара кәсіпкерлік субъектілерінің, сондай-ақ қызмет түрлері мен өңірлер бөлінісі бойынша, меншік нысандары бойынша, мөлшері бойынша шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің санын көрсетеді.

Қызмет түрлері қолданыстағы Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (ЭҚЖЖ) сәйкес ұсынылған. Бірнеше қызмет түрлерін жүзеге асыратын субъектілер ең көп қосылған құн өсімін қамтамасыз ететін, негізгі қызмет бойынша есептеледі.

Статистикалық бизнес-тіркелімде жұмыс жасайтын субъектілерге мыналар жатады:

- дәл қазіргі уақытта экономикалық қызметті жүзеге асыратын, яғни белсенді субъектілер;
- жаңадан тіркелген және экономикалық қызметті әлі жүзеге асырмағандар;
- уақытша қызметін тоқтатқан субъектілер.

«Қызметкерлердің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемділігі жіктеуішіне» сәйкес мөлшері бойынша қызметкерлердің жалпы жылдық санына байланысты субъектілерді 3 топқа бөлу қарастырылған:

- шағын (100 адамға дейін);
- орта (101ден 250 адамға дейін);
- ірі (250 адамнан астам).

Филиалдары бар заңды тұлғалар оның барлық филиалдарындағы қызметкерлерінің тізімдік санымен бірге есептеледі.

## 5. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

[Заңды тұлғалардың жасы](#)

[35 жасқа дейін тіркелген және жұмыс істеп тұрған дара кәсіпкерлердің және меншік иелері \(100%\) 35 жасқа дейінгі болып табылатын заңды тұлғалардың саны](#)

## 6. Пайдалы сілтемелер

[Статистикалық бизнес-тіркелім ақпараттық жүйесін жүргізу және өзектендіру бойынша әдістемесі.](#)

[Шағын және орта кәсіпкерлік көрсеткіштерін есептеу әдістемесі.](#)

[Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі.](#)

[Салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы \(Салық кодексі\).](#)

[Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді тапсыру ережелері.](#)

[Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы.](#)

[«Талдау» ақпараттық-талдамалы жүйесі/Статистика бөлімі/Кәсіпорындар статистикасы.](#)

[Сапа бойынша есеп.](#)

[«Экономикалық қызмет түрлері туралы есеп» статистикалық нысаны \(1-СР индексі, жылына 1 рет\).](#)

№ 10-7/245

2026 жылғы 15 қаңтар

<b>Жауапты шығарушы:</b> Статистикалық тіркелімдер және жіктелімдер департаменті	<b>Департамент директоры:</b> Е. Бекбердиев Тел. +7 7172 74-90-58	<b>Орындаушы:</b> Д. Төлеуғали Тел. +7 7172 74-97-95 E-mail: d.toleugali@aspire.gov.kz	<b>Мекенжай:</b> 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4-кіреберіс
-------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы